



# Ұлттағам

рухани-танымдық журнал





## Жақсылық жасай білудің өз ләззаты бар

Қолдауға мұқтаж жандарға риясыз көңілмен, ізгі ниетпен ештеңемен санаспай, ешкім мәжбүрлемей өз еркімен қол ұшын беру, қиын-қыстау кезде қасынан табылуы маңызды. Еріктілер — сондай кайырымды жандар.

Ақтөбе қалалық сал азаматтарды қолдау қоғамдық бірлестігінің төрайымы Күралай Бәйменованың бас-тамасымен құрылған Ақтөбедегі «Д.А.Р.» еріктілер клубының өзінің 10 жылдығын атап өтті. Бір кездері оның мүшелері саусақпен санарлық болса, қазір үлкен күшке айналды. Осы 10 жыл ішінде қаншама қамқөңіл жанның тағдырына араша түсті. Күралай Бәйменованың бастауымен өткен қаншама іс-шарада қашанда еріктілер үйіріліп жүреді. Біреуге беретін ештеңем жоқ, жақсылық жасау қолымнан келмейді демей, әркім өз қолынан келгенді жасап, тағы не бар деп, қалай болғанда көмектесуге әзір тұрады. Олардың жасаған істері текке кетпеді. Қайырлы болды. Алғысқа бөленді. Қанша дегенмен, жақсылық жасай білудің өз ләззаты бар емес пе. Қолыңнан келгеніне өзіңнің разы болуыңа жетер ештеңе жоқ. Еріктілер күніне орай өткен іс-шарада клуб ардагерлеріне құрмет көрсетілді, жаңа мүшелері қабылданды. Еріктінің куәлігін енді алғандардың ертең небір ізгі істің басы қасында жүреріне сенім мол. Осындай қайырымды жастарымыздың барлығына шүкіршілік етесің.

«Еріктілер жұмысы — бұл басқа адамдардың игілігі үшін саналы, ерікті және ақысыз қызмет ету. Саналы және риясыз басқа адамның игілігі үшін еңбек етіп жүрген кез келген адам ерікті болып саналады»

М. Олчман, П. Джордан

Жақсылық жасау үшін, қайырымды болу үшін бай болу міндетті емес, қалталы олгигарх болу-

шарт емес. Өзінің тұрмыстық жағдайы емес, өзінің денсаулығында кінәрат болса да, қайырымды істердің ұйытқысы болып, елді мейірімділікке баулитын жандар жоқ емес, бар. Сондықтан да біздің әлем сондай жандарға арқа сүйеп, құлап қалмай тұр десек артық айтпаймыз. Әр күнін қайырымды да ізгі істерге арнап, сауапқа қалып жүрген жандардың басын «Д.А.Р.» еріктілер клубында құрап, соларға жетекшілік етіп жүрген Марал Нұралинаның өзі — ерекше жан. Жаны нәзік болса да, алған беттен қайтпайтын қайсар. Алғырлығы тағы бар.

— Мен бала кезімнен мүгедекпін. Ес білгелі басқалардан қалып қоймайын, әлсіз, мүсәпір болып көрінбейін деп, аулада балалармен ойнағанда аяғымдағы протезді елемей, асыр салатынымын. Өзімді өзім қайрап, тек өз күшіме ғана сеніп, тырмысумен келемін. Орта мектепті беске, институтты қызыл дипломмен тәмамдадым, — деп бастады аңгімесін ол. — 2003 жылы мені қайырымдылық акциясына шақырды. Мен өздігінен жүре алмайтын мүгедек балалардың ортасына тап болдым. Қолымнан келгенше оларға жәрдем бердім. Сол кезде мұндай жандарға қаншалықты көмек керектігін сезіндім. Содан төрт жыл бойы барлық қайырымдылық акцияларға қатысып, өздігінен жүріп-тұра алмайтын мүгедектерге жағдай туғызып, қолымнан келгенше жәрдемдесіп жүрдім. Біреудің көңілін көтердім, біреудің мұңын тыңдадым, біреудің жоғын жоқтадым. Қолымнан келген іске өзім марқайдым. 2007 жылы маған «Д.А.Р.» еріктілер клубының қоғамдық негізде басқару туралы ұсыныс түсті.

### ЕРІКТІЛЕР ДЕГЕН КІМДЕР?

Еріктілер жалғыз өзі және топ болып жұмыс істейді. Ол өз еріктерінде. Олардың негізгі айналысатын жұмыстары жетімдерге, мүгедектерге немесе

қарттар үйіне барып оларға қолдарынан келгенше көмек көрсету. Ал, олардың белгілі бір мереке кезінде қоғамға мемлекет мүддесі үшін өз еріктерімен

жүзеге асырылады;

3) Еріктілердің қызметі адамдарға немесе жалпы қоғамға және еріктілерге пайда алып келеді.

«Еріктілер қызметі — дегеніміз, мұқтаж адамдарға риясыз, ерікті көмек көрсету, қалтқысыз қолдау көрсетуге бағытталған адам қызметінің ерекше үлгісі». Сонымен, «Ерікті» (ағылшын тілінен аударғанда volunteer — «өзі тіленіп жұмыс істеуші») — мұқтаж адамдардың немесе жалпы қоғамның мүддесінде тегін, ерікті түрде еңбек ететін адам. Еріктілердің халықаралық белгісі — қызыл V әрпі.

көмекке келуі де «ерікті» әрекеті саналады.

Қазақ тілінің сөздігіне бір үңілсеңіз, «ерікті» деген сөзге синоним болатын, балама ретінде «асар» сөзін алуға болады. Асар — ауыл-аймақ, көрші-қолаң болып белгілі бір мұқтаж жанға қолдарынан келгенше тегін көмек көрсету. «Асар» сөзі тіпті белгілі бір дәстүрге де айналып кетті. Сондықтан «ерікті» сөзін кейін пайда болған немесе жаңа заманның термині деп қабылдаудың қажеті жоқ. Өйткені қазақ халқында бұл сөздің түбірі баяғыдан бар. «Ерікті» немесе «өзі тіленіп жұмыс істеуші» терминдері өткен ғасырдағы 80-ші және 90-шы жылдардың басында Қазақстанда алғашқы ҰЕҰ (үкіметтік емес ұйымдар) қалыптаса бастаған кезден кеңінен қолданыла бастады. Біздің елдегі еріктілерге арналған «Қазақстандағы еріктілер» атты зерттеудің авторлары «еріктілер» немесе «өзі тіленіп жұмыс істеуші» түсініктерін қоғамдық ұйымда жұмыс істейтін (немесе мемлекеттік секторда), белгілі бір міндеттерді орындайтын және еңбекақы және басқа да ақшалай дотация түрінде материалдық сыйлықақы алмайтын адам деп анықтайды»

### БҰҰ САРАПШЫЛАРЫНА СӘЙКЕС, ЕРІКТІЛЕР ЖҰМЫСЫНЫҢ ҮШ НЕГІЗГІ БЕЛГІСІН АНЫҚТАУҒА БОЛАДЫ

- 1) Еріктілердің жұмысына ақы төленбейді;
- 2) Еріктілердің қызметі ерікті әрі мәжбүрлеусіз



### ДОСТЫҚҚА АДАЛ РАҚЫМДЫ ЖАНДАР

«Д.А.Р.» еріктілер клубының атауы — достық, адалдық, рақымшылық деген қасиетті сөздердің басқы әріптерінен құралды, осы сөздерді ұранына айналдырды. Сол ұранды ту қылып ұстап, еріктілер мүгедекпін деп төрт қабырғаға қамалып қалған жандарға достық қолын ұсынды. Адал еңбек етті. Рақымшылықпен айналысты. Қаншама қамқөңіл жанның тағдырына араша түсті. Жандарына жалау болды. Мұңын мұңдап, жоғын жоқтады.

Марал ең алдымен еріктілерге талап қоя білді. Басынан бастап адал болу, жауапкершілікпен жұмыс жасап, мәдениеттілік көрсету маңызды

— Әрбір ерікті «Біздің қолымыздан не келеді? Не жасай аламыз? Не істейміз? Қай жерге, кімге біз керекпіз?» деген сұрақтарға жауап бере алуы керек. Ең бастысы, біз мүгедектікті, денсаулығындағы кінәратты сол адамның мәселесін шешу жолында қысым көрсететін құрал ретінде пайдаланбаймыз, керісінше сол адамның жан жарасын емдеп, мұқтаж нәрсесін тауып беріп, қиын кезде қасынан табылып, демеп жіберуге дайын тұрамыз. Қолы жоқтың қолы, аяғы жоқтың аяғы боламыз. Екіншіден, қартайып, әлі кеткен қарттардың, мүгедек балалардың түрлі іс-шараларға баруына көмектесу; мәдени шараларды солар үшін ұйымдастыру; мұқтаж адамның жанын күйзелткен мәселесін шешуге көмектесу сияқты толып жатқан жұмыстарда еріктілердің көмегі керек. Мәселен, біз еріктілердің ат салысуымен 1 топтағы мүгедектің баспана мәселесін шешу үшін қаржы жинадық. Біздің одан да басқа ізгі істеріміз көп. Мәселен, бір мүгедектің шетелде ем алуына керекті қаржыны жинадық. Талантты, талапты мүмкіндігі шектеулі жандардың оқуына қажетті қаражатты тауып берген кезіміз де болды, — деп ізгі істерін тізбектегенде Маралдың көзі тіпті жайнап кетті. — Мен кейде ойлаймын, әр адамның ішінде мейірімді екіншісі отырады. Дер кезінде пернесін баса білсең болды. Ол адам ерікті ретінде қасында жүреді. Біздің клубқа мүшелікке жылына қаншама жастар қабылданады. Және олар ерекше ықыласпен тапсырған

істі тыңғылықты тындырады. Нағыз қолқанаттарымыз болып жүр. Жылдан жылға олардың саны артып барады. Соған қуанамыз.

Еріктілер клубының 10 жыл ішінде тындырған істерінің тізімі тізбектей берсең көп-ақ. Мақтануға, мақтауға тұрады. Еріктілер қашанда алдыңғы қатарда. Олар жанымызда жүрген мұқтаж адамдарға зиянымызды тигізбей, қол ұшын беріп, көмектессек болды. Бізге басқа ештеңе керек емес дейді.

Бақыт Жаншаева